

2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өндірісіне ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1278 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 711 600 000 (жеті жүз он бір миллион алты жүз мың) теңге сомасындағы қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өндірісіне ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы кредит беру үшін "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамы қарыз беруші банк болып белгіленсін.

2. "2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін кредит беру үшін қарыз беруші банкті белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 730 қаулысына м ы н а д а й т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

1-тармақтағы "бюджетте көзделген" деген сөздерден кейін "735 000 000 (жеті жүз отыз бес миллион) теңге сомасындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі